

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жоба
(жұмыс түрінің атауы))

Көпбергеннов Ернұр Әбдіқалықұлы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 30 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жоба тапсырмаға сай орындалған. Жобаға төмендегідей ескертулер жасалды:

сызба материалын ретке келтіру

орфографиялық қателіктер байқалды.

Қалаға байланысты жылу, табиғи газ мөлшері мен қысымы, газдың жылдық және сағаттық шығындары анықталған. Сонымен қатар газ желілерінің гидравликалық есептері есептелген. Сызба материалдары да дұрыс сызылған.

Жұмысты бағалау

Дипломдық жобаны орындау кезінде Көпбергеннов Ернұр AutoCad, Excel, Word программаларын қолданған. Жоба жақсы бағаланды, студент Көпбергеннов Ернұр 5B075200 “Инженерлік жүйелер және желілер” мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесіне лайықты (90%)

Сын-пікір беруші

Т.Т.Е., 07.08.2020
Алтынбаева Р.С.
(колы)

«17» 05



ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Көпбергенов Ернұр Әбдіқалықұлы

(білім алушының аты-жөні)

5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып: Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Дипломдық жоба бекітілген бұйрыққа сәйкес және тапсырма бойынша орындалған. Дипломдық жобалау кезінде студент Көпбергенов Е. жақсы теориялық білім көрсетіп, дипломдық жобаның бөлімдерінің негізгі сұрақтарын толық орындады және арнайы әдебиеттер мен нормативті-анықтамалық құжаттарды қолдана білді.

Студент Көпбергенов Е дипломдық жобаны орындауда Word, Excel, AutoCad компьютерлік бағдарламаларын қолданды. Дипломдық жобаның түсініктемелік жазбасы 30 беттен және 3 қосымшадан, графикалық бөлімі 5 беттен тұрады.

Көпбергенов Ернұр Әбдіқалықұлы дипломдық жобасын « жақсы» 80б бағаға лайық, ал студент Көпбергенов Ернұрға 5B075200 «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандығы бойынша техника және технология бакалавры біліктілігін беруге болады.

Ғылыми жетекші

ИЖЖЖ кафедрасының

техн.ғыл.канд., қауым проф.



Нурпеисова К.М

«17» 05

2022 ж.

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Көпбергенов Ернұр

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 8

Знаки из других алфавитов: 38

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 13.05.2022

проверяющий эксперт

**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

Автор: Көпбергенов Ернұр

Тақырыбы: Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Жетекшісі: Куляш Нурпеисова

1-ұқсастық коэффициенті (30): 0

2-ұқсастық коэффициенті (5): 0

Дәйексөз (35): 0.5

Әріптерді ауыстыру: 38

Аралықтар: 0

Шағын кеңістіктер: 8

Ақ белгілер: 0

Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :

☒ Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

☐ Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

☐ Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

Негіздеме:

Күні 13.05.2022

Кафедра меңгерушісі



Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Көпбергенов Ернұр

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Научный руководитель: Куляш Нурпеисова

Коэффициент Подобия 1: 0

Коэффициент Подобия 2: 0

Микропробелы: 8

Знаки из здругих алфавитов: 38

Интервалы: 0

Белые Знаки: 0

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☒ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 13.05.2022 г.

Заведующий кафедрой



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Көпбергенов Ернұр Әбдіқалықұлы

“Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау”

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 Алимова К.К.
« 13 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “ Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау ”

Мамандығы 5B075200 –«Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған




Көпбергенов Е.Ə.

Пікір беруші

Т.Т.К., аға ғыл.канд.
 Т.Т.К.
« 17 » 05 2022 ж.



Жетекші

техн.ғыл.канд., қауым.проф.
 Нурпеисова К.М.
« 16 » 05 2022 ж.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., қауым.проф.

Алимова К.К.
«24» 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Көпбергенов Ернұр Әбдіқалықұлы

Тақырыбы: Көкшетау қаласындағы 10 қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау

Университет басшылығының 2021 жылғы 24» желтоқсан №489-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: ғимарат қабаттарының бас жоспарлары, бас фасадының, сыртқы қоршаулардың конструктивті құрылымы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Жылыту жүйесінің 1 қабат жоспары және аксонометриялық сұлбасы;

2) Жылыту жүйесінің 2-9 қабат жоспары және аксонометриялық сұлбасы;

3) Жылыту жүйесінің 10 қабат жоспары және аксонометриялық сұлбасы;



4) Жылыту жүйесінің схемасы; 5) Технологиялық карта

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлімі	03.02.2022-20.03.2022	Орындалған
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	27.03.2022-07.04.2022	Орындалған
Экономика бөлімі	03.04.2022-10.03.2022	Орындалған

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма
бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	07.04.2022	
Экономика бөлімі	К.М. Нурпеисова техн. ғыл.канд., қауым. проф.	10.03.2022	
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	06.05.2022	

Жетекші



Нурпеисова К.М.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Көпбергенов Е.Ә.

Күні

«24» 01 2022 ж.

АНДАТПА

Берілген дипломдық жобада Көкшетау қаласындағы тұрғын үйдің жылыту жүйесі жобаланған. Тұрғын үй он қабаттан тұрады

Жобаның негізгі бөлімі ғимараттың жылыту жүйелерін жүргізіп, есептеулерін орындау. Құрылыс-монтаждық жобатар технологиясы бөлімінде құрылыс жобатарына қажетті қондырғылар, жобашылар саны анықталды және күнтізбелік жоспар құрылды.

Жобаның экономика бөлімінде жылыту жүйесіндегі капиталды төлем ақының жалпы қосындысы, амортизациянды шығын, энергоресурсстардың және материалдардың құны анықталады.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте запроектирована система отопления жилого дома в г. Кокшетау. Жилой дом состоит из десяти этажей.

Основной частью проекта является выполнение расчетов и проведение систем отопления здания. В отделе технологии строительно-монтажных работ определены необходимые для строительства установки, количество проектировщиков и составлен календарный план.

В разделе экономики определяется общая сумма капитальных вложений в систему отопления, амортизационные расходы, стоимость энергоресурсов и материалов.

ABSTRACT

In this diploma project, the heating system of a residential building in Kokshetau was designed. The residential building consists of ten floors.

The main part of the project is to perform calculations and perform heating systems of the building. In the department of construction and installation project technology, a calendar plan was drawn up, the number of necessary installations for construction projects, and the number of designers was determined.

In the economics section of the project, the total amount of capital expenditures in the heating system, depreciation costs, and the cost of energy resources and materials are determined.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 Негізгі бөлім

1.1 Бастапқы мәліметтер	8
1.2 Қоршау құрылымдарының жылу техникалық есебі	8
1.3 Қоршаушы құрылымдардың жылу жоғалуы	11
1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты	12
1.5 Жылу аспаптарын таңдау	12
1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі	15

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Ұйымдық-техникалық шаралар	18
2.2 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	19
2.3 Көліктің қажеттілік есебі	20
2.4 Еңбек шығындарын калькуляциялау	21
2.5 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	22

3 Экономика бөлімі

3.1 Келтірілген есептің шығын есебі	24
-------------------------------------	----

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚОСЫМАШАЛАР

28
29
31

КІРІСПЕ

Жылыту жүйесі дегеніміз үймереттер мен ғимараттардың бөлмелеріндегі ішкі ауаның температурасын беріп қана қоймай оны қажетті жағдайда ұстап отыруға арналған инженерлік жүйе.

Жылыту жүйесі бөлмедегі жылыту қондырғылары арқылы сырттан жоғалатын жылуды орның толтырып, бөлмеге тиісті комфортты жағдайды қажетті жағдайда ұстап отыру үшін қажет. Бөлмедегі жылу режимін жыллыту, желдету және ауа баптау жүйесімен қамтамасыз етеді, олар ең алдымен, қоршаушы конструкциясын жылутехникалық және жылуфизикалық қасиеттерімен анықталады. Сыртқы қоршаушы конструкцияның климаттық әсер етуге байланысты: лезде суыту және жылу, қатаю және ылғалдылықтан сақтайды. Сондықтанда қоршаушы конструкцияны таңдауда жоғарғы талаптар болуы қажет.

Бұл жобада Көкшетау қаласында орналасқан он қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жобалау қарастырады. Жобаның орындалуында басты көңіл аударатын ол көп қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйелерінің жұмыстарының тиімді орындалуын және де ғимараттағы тұрғындарға қажетті комфортты қамтамасыз ету болып табылады. Алдымен сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есебі қарастырылады. Сосын әр бөлмедегі сыртқы қоршауларынан жоғалатын жылуды анықтаймыз. Одан кейін есептелінген мәліметтерге сәйкес жылыту жүйелерінің жылыту қондырғылары және гидравликалық есебін жүргіземіз.

Дипломдық жобаның «Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы» бөлімінде ұйымдастырылға техникалық шараларды, күнтізбелік жоспарды, материалды техникалық ресурстардың қажеттілігі, жобашылардың қозғалыс графигі және еңбек шығынын калькуляциялау құрастырылады.

Экономика бөлімінде келтірілген негізгі технико-көрсеткіштер және шығын есебі қарастырылуы қажет.

1 Негізгі бөлім

1.1 Бастапқы мәліметтер

Бұл дипломдық жобада қарастырылды Көкшетау қаласында орналасқан көп қабатты тұрғын үйдің жылумен қамту жүйесі. Тұрғын үй он қабаттан тұрады. Ғимараттың бас фасады шығыс бағытта. Ғимараттың алғашқы қабаты коммерциялық қажеттіліктерге қолданылады. Коммерциялық қабатта кеңсе орналасқан.

Ғимараттың жылыту жүйесін жобалауға қажетті деректер қабылданады.

- қала атауы: Көкшетау
- қабат саны: 10
- қабат биіктігі: 3 м
- суық бескүндіктің ауасының температурасы: минус 33,7 °С
- жылыту мерзімі кезіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы: минус 24,7 °С
- жылыту мерзімінің ұзақтылығы: 214 тәулік
- жылыту мерзімі кезіндегі желдің орташа жылдамдығы: 2,8 м/с

1.2 Қоршаушы құрылымдардың жылутехникалық есебі

Жылутехникалық есептің мақсаты талапқа сай қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға керекті кедергісін және жылытқыш қабатының қалыңдығын анықтау болып келеді.

Сыртқы қоршаулардың жылу техникалық есептеуін өткізу үшін бөлмелердің тағайындалуы мен пайдалану жағдайларын білу керек, себебі олардың ішкі ауа температурасы (t_i , °С), ылғалдылығы (ϕ , пайыз) санитарлық нормалар және ережелерімен беріледі.

Қоршаушы құрылымның жылу техникалық есебінде санитарлы-гигиеналық және жайлылық шарттарына сәйкес жылу таратуға керекті кедергісі $R_0^{пр}$, Вт/м²°С келесі формула арқылы анықталады

$$R_o^{mp} = \frac{(t_i - t_c) \cdot n}{\Delta t^n \cdot \alpha_s} \quad (1.1)$$

мұндағы t_i – бөлменің ішкі ауаның есепті температурасы, °С;

t_o – сыртқы ауаның есепті температурасы, °С, ең суық бескүндік орташа температурасына тең ;

n – сыртқы ауаға қарағанда қоршаушы құрылымдардың сыртқы беттерінің орнына байланысты ескеретін коэффициент, қабылданады;

Δt^n – ішкі ауа температурасы мен қоршаудың ішкі бетіндегі температурасы арасындағы нормаланатын температуралық айырма,

қабылданады;

α_v – қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, Вт/м²°С, қабылданады.

Жылыту жүйесін пайдалану үшін жылу техникадан теориялық негіздер жайында ақпараттар болуы қажет. Энергияны түрлендіру және сақтау негізгі заңдарының бір саласын жылу құбылыстарына пайдалануға болатынын қарастыруға болады. Температура айырымы кезінде жылу тасымалдау процесінде қоздырушы күшінің бірі болып табылады, ал тасымалданатын жылуының шамасы дененің кеңістігіндегі температураның үлестіру сипатымен көрсетілген, яғни температуралық өріспен байланысты болу керек. Температуралық өріс дегеніміз уақыттың белгілі кезеңіндегі дененің барша нүктелеріндегі температура мәндерінің жиынын айтамыз. Температура уақыт бойынша өзгертін жағдайда температуралық өріс қалыптаспаған, ал өзгермейтін жағдайда қалыптасқан болады. Сыртқы және ішкі ауа қатынасы негізінде сыртқы қоршаулар арқылы қарастырылады. Жылу берудің жалпыға белгілі үш түрі болады: сәулелік, жылу өткізгіштік және конвективтік. Сыртқы қоршауларда жылу өткізгіштік түрлері мол болып келеді. Жылу техникалық есеп негізінде жылытылатын мерзімде ғимараттың барлық қоршауларына бөлменің және қоршаушы құрылымдардың эксплуатациялық санитарлы-гигиеналық талаптарын есепке ала отырып жүргізілуі тиіс. Жылу техникалық есептің негізгі қажеттіліктеріне тоқтайтын болсақ олар мынадай: жылдың салқын мерзіміндегі сыртқы және ішкі ауаның термодинамикалық параметрлері және олардың сыртқы қоршаулардың жылуфизикалық сипаттамалары қарастырады. Жобада қарастырылатын көп қабатты және көп пәтерлі тұрғын үйдің сыртқы қоршауларының жылу техникалық есептеуін өткізу үшін бірнеше бөлмелерінің тағайындалуы мен пайдалануын білу қажет, өйткені олардың ішкі ауа температурасы, ылғалдылығы оған қоса санитарлық нормалар және ережелермен беріледі.

Сыртқы қоршаудың ішкі бетіндегі температурасы, ылғалды нүктедегі температурадан артық болу керек, кем дегенде 2-3°С. Сыртқы қоршаулардың жылу тарату кедергісін оның энергия өнімдеу шарттарын ескерумен анықтауға болатыны бізге анық, ол үшін жылыту мезгілінің градус °С тәулігі (ЖМГТ) анықталады

$$\text{ЖМГТ} = (18-6) \cdot 214 = 2568. \quad (1.2)$$

ЖМГТ мәні бойынша сыртқы қоршаулардың жылу таратуға келтірілген кедергілері анықталады.

1.1 Кесте – Қоршаушы құрылымдардың келтірілген кедергілері

Ғимараттар мен бөлмелер	Жылыту мезгілінің градус тәулігі, °С·тәул.	Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергілері, R_o^{np} , м²·°С/Вт			
		қабырғалардың	өтетін жерлер үстіндегі жабындар мен аражабындардың	шатырлық, салқын едасты мен ұйасты қабаты жабындарының	терезелер және балкон есіктерінің
Қоғамдық, жоғарыда көрсетілгеннен басқа әкімшілік немесе тұрмыстық, дымқыл немесе сулы режимді бөлмелерден басқа	2000	2,1	3,2	2,8	0,3
	4000	2,8	4,2	3,7	0,45

Қоршаушы құрылымның жылуөткізу кедергісі

$$R_o = \frac{1}{\alpha_n} + R_K + \frac{1}{\alpha_e}, \quad (1.3)$$

мұндағы α_n – қоршаудың қысқы мезгіл үшін сыртқы бетінің жылу өткізгіш коэффициенті, Вт/(м²·°С), қабылданады [2] кесте бойынша;

α_e – қоршаудың ішкі беттерінің жылу беру коэффициенті, Вт/м²·°С, қабылданады [2];

R_K – қоршаушы құрылымның термиялық кедергісі, Вт/м² °С, қоршаудың әр қабатының қосынды термиялық кедергілері болып анықталады;

$$R_K = R_1 + R_2 + \dots + R_n, \quad (1.4)$$

мұндағы R_1, R_2, R_n – қоршаушы құрылымның әр қабатының термиялық кедергілері, Вт/(м² °С).

$$R = \frac{\delta_i}{\lambda_i}. \quad (1.5)$$

мұндағы δ_i – қабаттың қалыңдығы, м;

λ_i – қабат материалының есепті жылуөткізу коэффициенті, Вт/(м °С).

Қоршаушы құрылымның жылуөткізу кедергісін R_o ғимараттың нормативке келтірілген жылу өткізу кедергілерінен төмен қабылданбауы қажет. Соңында жылуөткізгіштік коэффициенті анықталады

$$K = \frac{1}{R_o^\phi} . \quad (1.6)$$

мұндағы R_o^ϕ – қоршаушы құрылымның термиялық кедергісі, Вт/ м² °С.

1.2 Кесте – Қоршаулардың жылуфизикалық көрсеткіштері

Қоршаудың атауы	R_o , Вт/(м ² · 0С)	k ,Вт/(м ² ·0С)
Сыртқы қабырға	2,298	0,435
Төбе жабыны	3,219	0,310
Еден	3,081	0,324
Терезе	0,70	1,428

1.3 Қоршаушы құрылымдарының жылу жоғалуы

Бөлмелерден жоғалатын жылу мөлшерін анықтаудың негізгі келесідей мәліметтер керек:

- 1) ғимарат салынатын жері (қаланың немесе қала ауданының атауы);
- 2) ғимараттың жел бағыттарына бағыттас орналасуы және жел бағыттары;
- 3) қабаттар жоспары барлық құрылыстық өлшемдері түсірілген ;
- 4) әр бөлменің тағайындалуы;
- 5) барлық сыртқы қоршаулардың құрылымдары.

Жылыту жүйесін жобалау үшін бөлмелердің сыртқы қоршаулары арқылы жоғалатын жылу мөлшерлерін анықтау қажет. Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы негізгі жылу жоғалуы $Q_{\text{нег}}$, Вт келесі формула арқылы анықталады

$$Q_{\text{нег}} = A \cdot K \cdot (t_i - t_c) \cdot n. \quad (1.7)$$

мұндағы A – сыртқы қоршаудың жылу жоғалатын ауданы, м²;
 K – сыртқы қоршаушы құрылымның жылуөткізгіш коэффициенті, Вт/(м² °С);
 t_i – бөлмедегі ішкі ауаның есепті температурасы, °С;
 t_c – сыртқы ауаның есепті температурасы, °С;
 n – есепті температуралар айырымына енгізілетін түзету коэффициенті.

Мысалы, 1-ші қабаттың 101 бөлменің есебі сыртқы қабырға үшін

$$Q_{\text{нег}} = 22,59 \cdot 0,435 \cdot 51,7 \cdot 1 = 508 \text{ Вт.}$$

Бөлмелердің сыртқы қоршаулар арқылы жалпы жылу жоғалуына көп факторлар әсер еткендіктен, ол келесідей есептеледі

$$Q_{\text{бөл}} = A \cdot K \cdot (t_{\text{int}} - t_{\text{ext}}) \cdot n \cdot (1 + \sum \beta), \quad (1.8)$$

мұндағы $\sum \beta$ – қосымша жылу жоғалуды ескеретін коэффициенттер қосындысы, қабылданады: бөлмедегі екі сыртқы қабырға үшін 5 пайыз (0,05); сыртқы қабырғаның биіктігіне 4м-ден жоғары 1м-ге 2 пайыз (0,02); сыртқы қабырғаның бағытына: шығыс пен солтүстік 10 пайыз (0,1), батыс 5 пайыз (0,05); оңтүстік 0; желдің жылдамдығы, 5-тен үлкен болса, 5 пайыз (0,05), 5-тен кіші болса, 10 пайыз (0,1); сыртқы Еске: 1 қабатты 0,22Н, 2 қабатты тамбурлы 0,27Н, тамбурсыз 0,34Н, 2 тамбурлы 0,2Н, (Н – ғимарат биіктігі, м).

Сыртқы қоршаулардың жылу жоғалу есептерін арнайы кесте ретінде жүргізіледі. Сыртқы қоршаушыларынан жылу жоғалуының есебінің нәтижесі А.1 кестеде көрсетілген.

1.4 Жылыту жүйесінің жылулық қуаты

Ғимараттардың жалпы жылу жоғалуын Q , Вт іріктелген түрде келесі формула арқылы анықталады

$$Q_o = q_o \cdot V \cdot (t_i - t_o) \cdot n, \quad (1.9)$$

мұндағы q_o – ғимарат тағайындалуына байланысты қабылданатын іріктелген жылу көрсеткіші, қабылданады, Вт/м³;

V – ғимараттың сыртқы көлемі, м³;

N – есепті сыртқы ауа температурасына байланысты қабылданатын коэффициент.


1.5 Жылыту аспаптарын таңдау

Жылыту жүйесінің негізгі элементінің бірі - жылыту аспаптары. Жылыту аспаптары арқылы бөлмеге жылуы беріледі. Бұл жылу шығыны бөлменің сыртқы қоршаулары арқылы жоғалатын жылуға тең. Жылыту аспаптары материалына, бет пішініне байланысты әртүрлі болып бөлінеді, олардың түрлері: радиаторлар, конвекторлар, регистрлер, жылыту панельдері, құбырлар, жылыту агрегаттары. Жылыту аспаптарын сыртқы қабырғаның тұсына, көбіне терезе астына орнатады, себебі терезеден келетін ауа бөлмеге бірден суық түсуінің алдын алады.

Бұл жобада жылыту аспабына Италияның компаниясында шығарылатын Royal Thermo 500 радиаторы таңдалған, Royal Thermo - бұл толық биметаллды және әдемі дизайн қалпына келтіріген радиатор. Әрбір радиатордағы фирмалық алюминий белгісі және әрбір секцияның зауыттық таңбасы Royal Thermo радиаторларын жалған емес екенін көрсетеді. Royal Thermo радиаторларының

жоғары сапасы мен сенімділігі 25 жылдық кепілдікпен расталады. Әр радиатордың жеке паспорты және кепілдік картасы бар. Бұл радиатордың 3 түрлі түсі бар, қара түсті, күлреңді, ақ түсті, Royal Thermo BILINEAR V500 радиаторының техникалық сипаттамасы 1.3 кестеде көрсетілген,

Ғимараттың бөлмелерінде орналастырылатын жылыту аспаптары В қосымшасында көрсетілген.



1 Сурет – Royal Revolution Bimetall 500 радиаторы

1.3 Кесте – Royal Revolution Bimetall V500 радиаторының техникалық сипаттамасы

Атауы	Өлш.бір.	Атауы	Өлш.бір.
Жылу тасымалдағыштың 70°C-тағы жылу беруі	205 Вт	Бір секцияның ішкі көлемі	0,205 л
Жоба қысымы	30 Бар	Бір секцияның салмағы	2,10 кг
Сынақ қысымы	45 Бар	Осьтер арасындағы арақашықтық	500 мм
Қиратқыш қысымы	100 Бар	Секциялардың биіктігі	564 мм
Жылу тасымалдағыштың максимал мүмкін температурасы	110°C	Секцияның ені	80 мм

Гидравликалық есеп гидравлика заңымен жүргізіледі. Жылыту жүйесін таңдағаннан кейін құрастырылған аксонометриялық сұлба үшін гидравликалық есептер жүргізіледі. Гидравликалық есептің мақсаты:

- құбырлардың оптимальды диаметрін таңдау;
- жүйенің учаскелеріндегі жоғалатын қысымды табу.

Сумен жылыту жүйелерін жобалауда гидравликалық есебін жүргізу үшін меншікті қысым жоғалу тәсілі кең қолданылады. Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесінің құбырларының оптимальды диаметрін таңдау үшін төменде келтірілген көрсеткіштер қажет.

Әр учаскедегі есепті су шығыны G_o , кг/с анықталады

$$G_o = \frac{Q_o}{c(t_1 - t_2)}, \quad (1.10)$$

мұндағы Q_o – әручаскедегі жылу жүктемесі, Вт;

c – тасымалдағыштың жылу сыйымдылығы, қабылданады 4,189 Дж/кг °С;

t_1 – жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, °С;

t_2 – жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, °С.

Есепті айналымды сақинасының орташа меншікті қысым жоғалуы R_{opt} , Па/м анықталады

$$R_{opt} = \frac{(1 - \varphi) \cdot \Delta P_p}{\sum l}, \quad (1.11)$$

мұндағы ΔP_p – жүйенің гидравликалық тәртібіне берілген жайғасқан қысым;

φ – үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5;

$\sum l$ – есепті айналымды сақинаның жалпы ұзындығы, м.

Ғимараттың екі құбырлы жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым ΔP , Па анықталады

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \quad (1.12)$$

мұндағы ΔP_l – құбыр ұзындығындағы жоғалатын қысым ΔP_l , Па, мына өрнек бойынша анықталады

$$\Delta P_l = \frac{\rho \cdot V^2}{2 \cdot l} = R \cdot l, \quad (1.13)$$

мұндағы R – 1м ұзындықта меншікті жоғалатын қысым, Па/м (кесте немесе номограмма арқылы анықталады).

ΔP_m – жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, ΔP_m , Па мына формуламен анықталады

$$\Delta P_m = \frac{\sum \xi \cdot \rho \cdot V^2}{2} = P_{дин} \cdot \sum \xi, \quad (1.14)$$

мұндағы $P_{дин}$ – динамикалық қысым, жылдамдыққа байланысты анықталады немесе арнайы кестеден қабылданады, Па;

$\sum \xi$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі. Жергілікті кедергілер ретінде вентильдер, ысырмалар, үштарамдар, төрттіктер, реттегіш крандар, бұрылыстар және т.б. қарастырылады.

Есепті айналымды сақинаның қосынды қысым жоғалуы ΔP жүйеге берілген жайғасқан қысыммен ΔP_p салыстырылады және байланыссыздығы анықталады:

$$\Delta = \frac{\Delta P_p - \sum (Rl + Z)}{\Delta P_p} \cdot 100\%. \quad (1.15)$$

Осы әдіспен жүйенің тарамдары есептелінеді және олардың байланыссыздығы анықталады. Байланыссыздығы 15 пайызға дейін рұқсат етіледі.

1.6 Жылыту жүйесінің гидравликалық есебі

Жылыту жүйесін гидравликалық есептеудің мақсаты:

- жылу тасымалдағыштың берілген шығыстарын ескере отырып, жүйе жұмысының шуылсыздығын қамтамасыз етуге сүйене отырып, құбырлар учаскелерінің үнемді диаметрлерін айқындау;

- реттеуші және теңгерімдік клапандардың гидравликалық параметрлерін және олардың баптау нөмірлерін айқындау болып табылады.

Қазіргі заманғы жылу жүйелері икемді басқару механизмі бар күрделі құрылғылар. Мұндай жүйені "көзге" жобалау әрекеті оның жұмысын тиімсіз етеді, ал шығындар негізсіз жоғары болады. Тиісті жоба белгілі бір параметрлер негізінде жылу жүйесінің алдын-ала гидравликалық есептеулерін қамтиды.

Гидравликалық есептеулер жылу жүйесі оның жеке бөліктерін емес, барлығын жылыту үшін қажет. Соңында сұйықтық ең аз қарсылық жолымен қозғалады. Осылайша, желідегі әрбір қосқыш, құбырдың әр метрі, сонымен қатар диаметрі мен тіпті материалына байланысты салқындатқыштың қарсылығын тудырады. Белгілі бір жағдайларда салқындатқыш қазандық пен оның сорғысының жанындағы бөлмелерді жақсы жылыта алады, ал ең алыс радиаторлар суық болады. Сондай - ақ, салқындатқыштың қозғалысына таңдалған жылыту схемасы әсер етеді - бір құбырлы, екі құбырлы, екі құбырлы коллекторлық және сәулелік және т. б. дұрыс есептеу үшін құбырлардың диаметрлерін, олардың материалы мен ұзындығын, таңдалған қозғалыс моделін, жабдықты, радиаторлардың түрін ескеру қажет. Кем дегенде қарапайым есептеулерсіз жабдықтың қолайлы тұрақтылығы мен ұзақ жұмыс істеуіне қол жеткізу мүмкін емес. Гидравликалық жүйенің жұмысын модельдеу, шын мәнінде, барлық кейінгі жобалар салынатын негіз болып табылады.

Тарамдардың қысыммен байланыссыздығы 15 пайыздан аспауы керек.

Әр учаскедегі есепті су шығыны мына формуламен анықталады:

$$G_0 = \frac{Q_0}{c(t_1 - t_2)} = \frac{Q_0}{c(\tau_{cm} - \tau_{02})}, \text{ кг/с}, \quad (1.27)$$

мұндағы Q_0 - әр учаскедегі жылу жүктемесі, Вт;
 c - судың жылу сыйымдылығы, Дж/кг $^{\circ}$ С, қабылданады: 4189 Дж/кг $^{\circ}$ С;

τ_{cm} - жылыту жүйесінің беретін құбырындағы судың температурасы, $^{\circ}$ С;

τ_{02} - жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы судың температурасы, $^{\circ}$ С.

Есепті айналымды сақинасының орташа меншікті қысым жоғалуы мына формуламен анықталады:

$$R_{орт} = \frac{(1-\varphi) \cdot \Delta P_p}{\sum l}, \text{ Па/м}, \quad (1.28)$$

мұндағы φ - үйкелісте жоғалатын қысымды ескеретін коэффициент, қабылданады: екі құбырлы жүйеде – 0,35; бір құбырлы жүйеде – 0,5.

Тұрғын үйдің көлденең екі құбырлы жылыту жүйесінің учаскелеріндегі жоғалатын қысым мына формуламен анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \text{ Па}, \quad (1.29)$$

мұндағы ΔP_l - құбыр ұзындығындағы жоғалытын қысым, Па ол мына формула бойынша анықталады:

$$\Delta P_l = \frac{\rho \cdot v^2}{2 \cdot l} = R \cdot l, \text{ Па}, \quad (1.30)$$

мұндағы R - 1м ұзындықта меншікті жоғалатын қысым, Па/м;

ΔP_m - жергілікті кедергілерде жоғалатын қысым, Па, ол мына формуламен анықталады:

$$\Delta P_m = z = \frac{\sum \varepsilon \cdot \rho \cdot v^2}{2} = P_{дин} \cdot \sum \varepsilon, \text{ Па}, \quad (1.31)$$

мұндағы $P_{дин}$ - динамикалық қысым, жылдамдыққа байланысты анықталады, Па;

$\sum \varepsilon$ – жергілікті кедергілердің қосындысы, әр учаскеге бөлек есептеледі.

Учаскелердің гидравликалық есептері А.2 кестеде көрсетілген.

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

Жұмыс өндірісінің жобасын жинақтау жұмыс өндірісі және ұйымы бойынша нұсқамалардан тұрады және жұмыс құнының төмендеуіне, олардың қысқартылу ұзақтылығына және еңбек өнімділігінің жоғарлауына, монтаждық жұмыс сапасының жақсаруына себепші болады.

Жұмыс өндірісінің толық жобасы мыналардан тұрады: жұмыс өндірісі бойынша нұсқамалар; еңбек шығындары мен еңбек ақының калькуляциясы; жұмысшыларға қажетті тоғыспа графигі; негізгі және көмекші материалдардың ақпарат тізімі; тиісті жинақтау механизмдері, аспаптары және бейім құралдарының ақпарат тізімі; технико-экономикалық көрсеткіштер; техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар.

Берілген дипломдық жобада жоғары нұсқамалы талаптардан басқа жылыту жүйесінің жинақтау жұмысының технологиялық картасы қарастырылады.

Жылыту жүйелерінің құрылғыларында жұмыстар бөлінеді: дайындау, жинақтау және қабылдап-тапсыру. Өзінің кезегінде жинақтау жұмыстары бөлінеді, алдыңғы жинақтау процестері және өзіне меншікті жинақтаулар. Жинақтау жұмыстарына мыналар жатады: объектіні техникалық құжаттармен қамту, жүйеге керекті бұйымдармен, жабдықтаулар мен ауатаратқыш жүйелерді жинақтау жәнеде объектіні жинақтауға дайындау.

Жұмыс түрлерінің құрам циклі бойынша ұйымдастыру жағынан ең тиімді болып есептеледі: дайындау; дайын заттарды объектіге жеткізу; ұстатқыштарды белгілеу және орнату; жабдықтауды орнату; жинақтау; жүйені тексеруден өткізу; жіберу және жөндеу; жұмысты тапсыру.

Өндіріс жұмыстарының жобасына кіреді: өндіріс жұмыстары бойынша шешім; еңбек шығындарын есептеу және еңбек ақылары; күнтізбелік жоспар – өндірістік жұмыстың графигі; негізгі және қосымша материалдардың ақпарат тізімі; жинақтауға керекті механизмдер, бұйымдар және құралдар; техника-экономикалық көрсеткіштер; түсіндіргіш хатқа техника қауіпсіздігі туралы үкімдер кіргізу.

2.1 Ұйымдық - техникалық шаралар

Көкшетау қаласындағы он қабатты тұрғын үйдің жылыту жүйесін жинақтау жұмысы бойынша жоба технологиясы жасалуы қажет. Жинақтау жұмысы жылыту жүйесінің ауа қондырғыларын жинақтаудан тұрады. Жылыту жүйесі бойынша жинақтау жұмысын жүргізу кезінде объектіге жақын жатқан автокөлік жолы пайдалануы мүмкін.

Ұйымдық-техникалық дайындық жұмыстары құрылыс өндірісінің ұйымының шаралары арқылы сәйкес іске асырылады және оған қатысты шаралар 2.1 кестеде келтірілген.

2.1 Кесте – Ұйымдық - техникалық шаралар графигі

Шаралар мен жобатардың аталуы	Ұйым– орындаушы	Орындау уақыты	
		басталуы	аяқталуы
Техникалық және қаржылық құжаттамаларды өңдеу	Өндірістік бөлім	24.04	8.05
Территорияны бөліп беру	Тапсырыс беруші	8.05	15.05
Трассаларды бөлу	Капиталды құрылыс бөлімі	15.05	29.05
Материалдар, механизмдер, аспаптар мен құралдарға мәлімдемелер құрастыру	Реттеуші	29.05	12.06
Жол-жөнекей құрылғылар, құрылыстағы тұрмыстық және қоймалы бөлмелер, материалдарды жеткізу	Реттеуші	12.06	26.06
Жоба өндірісіне рұқсат алу	Тапсырыс беруші	26.06	1.07

2.2 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі

Күнтізбелік жоспар – бұл жұмысқа және оның орындалу уақытына қатысты технологиялық жабдықтар мен құбырлардың жинақтау жұмысы технологиясының графикалық моделі.

Күнтізбелік жоспардың жасалу тізбегі мынадай: еңбек шығынының калькуляциясы бойынша жинақтау процестерінің номенклатурасы тағайындалады; звено құрамы және процестер бойынша нормативті еңбек сыйымдылығы анықталады; сметасы тағайындалады, барлық жұмыстың косынды ұзақтылығын есепке ала отырып, әрбір процестің орындалу ұзақтылығы анықталады.

График дұрыс құрастырылуы кезінде жұмысшылар қозғалысының бірқалыпсыз коэффициенті 1,5-тен көп болмауы керек. Ол мына формула бойынша анықталады:

$$K = \frac{m_{\max}}{m_{cp}}, \quad (2.1)$$

мұндағы m_{op} – жұмысшылардың орташа саны, адам.

$$m_{op} = \frac{\sum Q}{T \cdot K}, \text{адам}, \quad (2.2)$$

мұндағы $\sum Q = \sum q_i \cdot t_i$ – i-ші жұмыс бойынша еңбек сыйымдылық (еңбек шығыны), адам·күн;

T – жинақтау жұмысының күндегі ұзақтылығы;

K – өнімді қайта орындаудың орташа коэффициенті, 1-ге тең деп қабылданады.

Қабылданады $\sum Q = 276$ адам·күн. және $T = 41$ күн, онда жұмысшылардың орташа саны мынаған тең болады

$$m_{op} = \frac{276,149}{41} = 6,74 \text{ адам},$$

$$K = \frac{7}{6,74} = 1,04.$$

2.3 Көліктің қажеттілік есебі

Негізгі транспорт түрі – ернеулі автокөлігі болып табылады. Транспорт саны мына формула бойынша анықталады

$$N = \frac{Q}{P_m \cdot T}, \text{ дана}, \quad (2.3)$$

мұндағы Q – тасымалданатын жүктің саны (жабдықтардың, материалдардың және конструкциялардың ақпарат тізімі негізінен қабылданады), $Q = 5,72$ тонна ;

T – тасымалдау күнінің саны, 1 күн деп қабылданады;

$P_{тәу}$ – автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы, ол мына формула бойынша анықталады

$$P_{тәу} = q \cdot n_p, \text{ т/ауысым}, \quad (2.4)$$

мұндағы q – автокөліктің жүк көтергіштігі, 7 тонна тең деп қабылданады.

n_p – ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны, ол мына формула бойынша анықталады

$$n_p = \frac{t_{cm}}{\left(\frac{2 \cdot L}{V_{cp}} \right) + t_n + t_p + t_m}, \text{ рейс}, \quad (2.5)$$

мұндағы t_{cm} – ауысым ұзақтылығы, 8 сағ.;

L – базаға дейінгі арақашықтық, 15 км;

$V_{ор}$ – қаладағы орташа қозғалыс жылдамдығы, 20 км/сағ;

$t_{ти}$ – жүкті тиеу уақыты, БНЖБ1 бойынша анықталады:

$t_{ти} = 0,095$, $q = 0,095 \cdot 5,72 = 0,543 = 54$ мин

t_T – жүкті түсіру уақыты: $t_T = t_{ти} = 54$ мин

t_m – жүкті тиеу және түсіру маңында маневр жасау уақыты, 2 мин немесе 0,03 сағ.тең деп қабылданады. Сонда ауысымдағы автокөлік рейстерінің саны мынаған тең болады

$$n_p = \frac{8}{\left(\frac{2 \cdot 15}{20}\right) + 0,543 + 0,543 + 0,03} = 3 \text{ рейс.}$$

Онда автокөліктің тәуліктік ұзақтылығы мынаған тең болады

$$P_{тау} = 5,72 \cdot 3 = 17 \text{ т/ауысым.}$$

Жоғарыдағы мәндер бойынша транспорт саны мынаған тең

$$N = \frac{5,72}{17 \cdot 3} = 1 \text{ машина.}$$

Маркасы Hyundai HD 120, 1 автокөлігі қабылданады, жүк көтергіштігі 7 тонна. Есептен кейін жүкті тасымалдаудың ақпарат тізімі құрастырылады (2.2 кесте).

2.2 Кесте – Тасымалдау көлемінің ақпарат тізімі

Жүктердің аталуы	Өлш. бірл.	Саны	Транспорт түрі	Транспорт саны	Болу уақыты	
					баст.	соңы
Құбырлар, радиаторлар, жылуалмастырғыш және т.б.	Тонн	5,720	Hyundai HD 120	1	14,08	8,08

2.4 Еңбек шығындарын калькуляциялау

Калькуляция бұл – арнайы жұмыс түріне немесе жалпы объектінің құрылымдық элементінің бірлігіне құрылыстық-монтаждық жұмыстар кешені үшін нормативті уақыт пен еңбек ақы суммасының жинақ есебі. Оның құрамында тек негізгі жұмыстар ғана емес, сонымен қатар керекті қосымша және ілеспе жұмыстар, оның құрамында нормативтермен және ұтымды ұйымдастыру және жұмыстарды механизациялаумен қелісілген қашықтыққа

жұмыс орындарына материалдар мен бұйымдарды жеткізу қарастырылады. Негізі мақсаты – еңбекті нормалауды жеңілдету, оның аккордты және келісімдісыйлықақы төлеу жүйесін дамытуға мүмкіндік жасау.

Бірыңғай нормалар мен бағалар (БНЖБ) құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстарының жұмысшыларының келісілген еңбек ақысы мен еңбек шығындарын анықтау үшін арналған техникалық негізделген нормалар мен бағалар кешені болып келеді.

Құрылыстың өзіндік құны құрылысты ұйымдастырудың маңызды экономикалық көрсеткіші болып табылады. Ол құрылыс өндірісінің материалдық, еңбек, энергетикалық және басқа шығындарды ақшалай түрде көрсетеді. Еңбектің сыйымдылығы адам-күн (ауысым-күн) немесе адам-сағатпен (ауысым-сағатпен) көрсетілген жұмыстың көлем бірлігін орындау үшін еңбек шығындарының мөлшерімен анықталады.

Құрылыс ұзақтығы нақты құрылыс үрдісі жұмысының көлемін орындауға кететін уақытпен (сағат, ауысым, апта, ай, жыл) анықталады. Кешенді үрдістің және оның құрамына кіретіндердің ұзақтығы үрдісті орындауға қабылданған әдіске (тасқынды, жарыспалы, жүйелі) байланысты.

Еңбек және машина уақытының шығынының калькуляциясы 2.4 кестеде келтірілген.

2.5 Қауіпсіздік техникасы

Осы дипломдық жобадағы зиянды факторларға техникалық қабатта орналасқан компрессорлық – конденсаторлық тербелісі болып табылады. Орнатылған шуды басқыштар, ауа сорғыштардағы аэродинамикалық кедергілер.

Ауа тазартқыш жүйесіне желдеткіш беретін діріл икемді параметрлердің арқасында кіріс және шығыста қамтамасыз етілді Діріл (қолға және жалпы адам ағзасына жергілікті әсер) немесе аралас (жергілікті және жалпы) сипаттағы, теріс әсер жүйке жүйесіне, құрсақ қуысына, бұлшықеттерге, сүйектерге, көру органдарына және т.б.

Өндірістік дірілден қорғау. Дірілден қорғауды үш үлкен топқа бөлуге болады: дірілдің шығу орнын азайту – машиналар мен механизмдердегі құрылымдық және технологиялық тербелістердің себептерін жою; дірілден қорғайтын технологияларды аз дірілмен ауыстыру, мысалы, дәнекерлеуге, штамптауға және құюға арналған тойтармаларды ауыстыру және т.б. Машинаның қозғалыс бөлшектерін өндіруге ішкі үйкелісі жоғары материалдар, дайындау дәлдігінің сапасын арттыру, машинаның айналу бөліктерін мұқият туралау және динамикалық дірілді кетіргіштерді қолдану кіреді.

Таралу жолындағы дірілді азайту – үлкен ішкі үйкелісі мен тұтқырлығы, әртүрлі дірілге қарсы қасиеттері бар діріл материалдары, олар дірілдеген қалақтардың беттеріне қолданылады. Беттермен бірге деформацияланып, толқын энергиясының бір бөлігін жылуға айналдырады, сонымен қатар толқын

амплитудасында азаюына әсер етеді. Бұл топтың кең тараған әдістері діріл оқшаулағышын қолдану болып табылады, толқын өткізгіш арнайы таңдалған діріл оқшаулағышқа орнатылып, қорғалатын объектінің толқындық энергиясының берілуін азайтады.

Дүние жүзінде 120 миллион адам, Қазақстанда – 3500 адам жарақат алады. Еңбек қауіпсіздігінің өзекті мәселелері – еңбек процесінде жұмысшылардың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігін қамтамасыз ету, еңбекті қорғау деп аталатын, сонымен қатар жарақаттар санын анықтау, кәсіптік аурулардың саны мен ауырлығы, улану, өндірістегі жазатайым оқиғалар санының артуы.

Шудан қорғау шаралары (дыбыс қысымының деңгейі).

Желдету және ауа баптау жүйелерінде жұмыс істегенде маңызды көрсеткіш шудың жоғарылауы болып табылады. Шу – қолайлы ортаны бұзудың негізгі түрлерінің бірі. Құрылыс сұйықтықтарындағы, гидравликалық жүйелердегі, ауа өткізгіштеріндегі, ауадағы шу мен дыбыс толқындары сығылған және созылған толқындар арқылы таралады. Шудың негізгі параметрлері оның жиілігі болып табылады. Ол созылатын және қысылатын толқындардың секундтардағы тербеліс санына сәйкес келеді.

Желдету қондырғылары, ауаны баптау жүйелері өз қызметінде белгілі бір шу тудырады. Құрылыстармен жұмыс істегенде шағын және орташа шамадағы шудың пайда болуының негізгі нүктелері:

- ауа конденсаторларындағы шу желдеткіштері;
- орталық кондиционерлерде желдету қондырғылары мен желдету секцияларында желдеткіш пен қозғалтқыштың қозғалысынан шу мен діріл пайда болады.

